Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**1.Сөйлеуді дамыту 0,5 (I-III апта)** Тақырыбы : «Менің сүйікті ойыншығым» (Әңгімелесу) Б/м: балалардың сүйікті ойыншықтары арқылы оларды бауырмалдыққа, мейірімділікке, қамқор болуға дағдыландыру. Д/м: сөзді анық айтып , дұрыс сөйлей білуге баулу , сөздік қорларын дамыту . Т/м: ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен , жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу . **2. Музыка** (Пән жетекшінің жоспары б/ша)	**Сурет салу** **Тақырыбы :** **«Доп салу»** **(саусақпен сурет салу)** БМ:Балаларды қарапайым дөңгелек пішінді субояқты қолдана отырып саусақпен салуды үйрету. ДМ:Саусақ қол қимыл-қозғалысының икемділігін дамыту. ТМ:Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **2.Дене шынықтыру** Шеңбер,жіп бойымен шеңбер жасап жүру,жүгіру. Құрал:жіп **Қ/О** **Ойынның шарты:** Балалар бір-бірден сапқа тұрады (бір-бірімен қолдаспай). Біріншісі – паровоз, ал қалғандары – вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, пойыз алға жылжи бастайды, ең әуелі	**1.Жаратылыстану** Тақырыбы : «Менің достарым» БМ: «Дос,достық» туралы балаларға қарапайым түсініктер беру. ДМ:Сөздік қорын байыту.Сурет бойынша байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. ТМ:Достарына деген құрметтеу сезімдерін ояту.Татулыққа,ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **2. Құрастыру 0,5 (I-III апта)** **Тақырыбы :** **«Үстел және орындық»** Мақсаты : 1.Балаларға құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып үстел мен орындықты құрастыра білуге үйрету. 2.Сөздерді дұрыс айту арқылы сөйлеу тілін дамыту. 3.Құрылыс	**1.Музыка 0,5 (I-III апта)** (Пән жетекшінің жоспары б/ша) **2.Дене шынықтыру** Домаланған допты қуып жет Құрал:доп Қ/О «Қоңырау қайдан естіледі» Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші әйел бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады. Тәрбиеші балаларға: «Тыңдаңдар, қоңырау қайдан соғылып тұр, қоңырауды табыңдар», - дейді. Балалар қоңырауды тапқан кезде, тәрбиеші оларды мақтайды, одан кейін балаларға тағы да қабырғаға беттерін беріп тұруды ұсынады. Күтуші әйел басқа жерге тығылады да	**Дене шынықтыру /қайталау сабағы/**

		баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Пойыз стансыға жақындап келеді!» – дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті баяулатады да, пойыз тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап: гүл, жеміс, саңырауқұлақ тереді. Гудокты ести сала, олар қайтадан сапқа тұрады да, пойыздың қозғалысы қайтадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталанады.	материалдарымен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу	қайтадан қоңырау соғады.	
	Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)**	«Не қайда тұрады?» ойыны Ойын арқылы балалардың тілін,ой-өрісін дамыту. **(сөйлеу дамыту)**	Мысық пен күшік ойнайтын допты ермексаздан мүсіндеуді пысықтау. **(мүсіндеу)**	Көңілді музыка қойып балалардың қарапайым би қимылдарын жасау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелуін жетілдіру **(музыка)**	«Жемістерді жина» ойыны Мақсаты: Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту.

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**.				
Серуен	**Серуен №1** **Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау** ***Мақсаты:***Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау. **Бақылау барысы:** **Жұмбақ жасыру** Ақ киімді біреуі, Сары киімді біреуі, Көк киімді біреуі, Әлем, жәлем киімі, Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі) -Өленде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу) - Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу) Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. **Тәрбиеші сұрақтары.** -күздің қандай белгілерін білесіңдер? -Адамдар күзде не істейді? -Жануарлар күзгі тіршілікке қалай	**Серуен №2** **Күздің алғашқы белгілерін бақылау** ***Мақсаты:***Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. **Бақылау барысы:** **Көркем сөз** **«Қыркүйек»** Ғ. Өкеев Бір-біріне жер, аспан, Мейірлене қарасқан. Төкпей-шашпай тасып дән Машиналар асыққан. Ұстаз, шәкірт жүздескен, «Қош келіпсіз күз» дескен. Берекелі алтын күз, Ұмытпаймыз салтын біз Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. **Тәрбиеші сұрақтары.**	**Серуен №3** **Күз көрністерін бақылау.** **Мақсаты:** Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру. **Бақылау барысы**: Көркем сөз : «КҮЗ» Қ . Ыдырысов Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Жап-жасыл тал мынау, Сары шапан киіпті-ау Айнала тұнжырап, Қабағын аспан түйіпті-ау. Тәрбиеші сұрақтары: -Қазір жылдың қай мезгілі? -Неге күз деп ойлайсыңдар? -Күзде ауа-райы қандай болады? -Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер? **Зерттеу жұмысы** Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде	**Серуен№4** **Жапырақтардың түсуін бақылау** **Мақсаты:** -табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; — бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру. **Бақылау барысы:** Көркем сөз Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңғытбаев Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Күн шуақта маужырап, Жатыр еді атырап. Ағаштардан жамырап, Үшты кенет жапырақ. Тәрбиеші сұрақтары. -Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме? -Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді? -Күздің келуімен олар қалай өзгерді? -Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл) -Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді?	**Серуен№5** **Аула тазалаушы еңбегін бақылау** **Мақсаты:** -күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту, -аула тазалаушыға қажетт құрал-жабдықтармен танысу **Бақылау барысы:** Көркемсөз «Тиме бізге керекпіз»-Деп тұрғандай жарыса. Жапырақты жұлып себепсіз, Сындырмаймыз ағашты. Күз келген соң амалсыз, Жапырақтар түседі. Жинап алып сыпырып, Үй сыртына үйеміз, Жапырақтар бақшаға, Көң болады білеміз. Сұрақтар: -Аула тазалаушы не істейді? -Аула тазалаушыға қандай құралдар қажет? -Аула тазалаушы күзде не жинайды? -Ол кімдер үшін қызмет етеді? Зерттеу жұмысы: Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп

	бейімделеді? -Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? **Еңбек** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. *Мақсаты:*орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету **Қимылды ойын** «Бәйге». *Мақсаты:* Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру.	-Күздің қандай белгілерін білесіңдер? -Күзде ауа-райы қалай өзгереді? -Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? -Адамдар күзде не істейді? Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?	қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр) **Еңбек** Ойын алаңын тазалау *Мақсаты:*Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге баулу. **Қ/О:** «Ормандағы соқпақтар». Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру. **Жеке жұмыс: Жалпы дамыту жаттығулары** Мақсаты:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру	(қайың) -Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайында) Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өленді қайталайды -Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады) -Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ) -Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ) Зерттеу жұмысы Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру. Еңбек Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.	сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды. Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Қ/О: «Қармақ» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу: Жаттығу ойындары: Жүгіру техникасын жақсарту Мақсаты: қозғалыстарын дамыту
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды				

	дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (**мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті	Балалардың таңдауы бойынша бауырсақты ермексаздан жасау дағдыларын, ертегі кейіпкерлерін ретімен фланелеграфта жапсыру дағдыларын пысықтау **(мүсіндеу, жапсыру)**	Үстел үсті театр ойыншықтарын және ертегі кейіпкерлерін атауды жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту)** Құрастыру ойынышықтарынан бауырсаққа үй құрастыру **(Құрастыру)** Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін ретімен жапсыруды менгерту **(Жапсыру)**	Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдауын ұйымдастыру. Ертегі желісі бойынша шалқан суретін салу дағдыларын **(Сурет салу)** ермексаздан мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. **(Мүсіндеу)**	Шалқан немесе Бауырсақ ертегілерін құыршақ театрын пайдаланып көрсетіп айтып беруіне қызығушылығын дамыту . Кейіпкерлерге емоцияларын танытуды үйрету дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту)**	Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау дағдыларын дамыту. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру амалдарын қалыптастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Балаларға «Бауырсақ»ертегі қойылымын жасату.	Топтағы тазалық жұмысын жоспарлап қатысу. **(көркем әдебиет)**	Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасау. **(мүсіндеу, жапсыру)**	Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында. Кітаптар

	(сөйлеуді дамыту)			қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	қарау, әңгімелесу **(сурет салу,құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)**
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Табиғи материалдардың ішінен бауырсақтың жолын құрастыруын жалғастыру. **(құрастыру)** Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Бауырсақ ертегісіндегі әндерді қайталау. Қ/о «Шарды ұста» Балалардың дербес әрекеттері	Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Ертегідегі жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету **(қоршаған ортамен таныстыру)** Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»	Қ/О «жүгіріп қағып ал» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері
Балалардың үйіне қайтуы	Бауырсақ ертегісі баласымен бірге айтуға кеңес беру.	Бауырсақ жасауын сұрану	Шалқан, бауырсақ мультфилімін бірге тамашалауға кеңес беру.	Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Әдіскер: Сабитова З.А. 20.09.21ж.

Тәрбиешілер: Сейтказина З.Ж.

Туржанова С.К.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек –Қазан айы 2021 жыл

Мектепке дейінгі ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжай»
Топ: «Балапан» І-кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 27.09-01.10.2021ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 27.09.2021**	**Сейсенбі 28.09.2021**	**Сәрсенбі 29.09.2021**	**Бейсенбі 30.09.2021**	**Жұма 01.10.2021**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Анасын тап» Саусақ ойыны «Биші адамдар», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылау. **Балармен жеке жұмыс.**				
	«Отбасы» суретін көрсету. Еңбек. Мақсаты: -Суреттегі отбасы мүшелерін ата? -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелеп беруін ұйымдастырып сөйлеу	«Отбасы мүшелері». Міндеттері: суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау дағдысын қалыптастыру. Балалардың қалауы бойынша әженің кәмпиттері	«Отбасы бейнеленген кітаптар қарау». Міндеттері:Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы мүшелерін қарау негізінде дұрыс сөйлеуін дамыту	Үстел үсті театры арқылы «Шалқан» Міндеттері: ертегісін тыңдап, айтып берумен эмоциалды қабылдауды үйрету. **(көркем әдебиет)** ертегі кейіпкерлерін тану, көрсетіп атату. Не істеді сұрағына	«Ата мен әжелерінің суреттін қарау». Міндеттері: Олар туралы не білетіндерін айтқызу мен сөйлеуін дамыту «Бес саусақ» өлеңін қайталап айтуға

	дағдысын,сөз қорын кеңейтіп дамыту. «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнаумен. Қуыршаққа күтім жасау, әлдилеу, ән айту дағдысын қалыптастыру **(көркем әдебиет, музыка) (сөйлеуді дамыту)**	тақырыбында домалақтар сурет салу, ермексаздан дөңгелек мүсін жасау, жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру**(сөйлеуді дамыту) (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**	Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды пысықтау. **(сөйлеуді дамыту) (құрастыру)**	жауап беруді үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**	талпындыру Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді муызка қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)** Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Менің отбасым» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Сөйлеуді дамыту** «Менің сүйікті ойыншығым» /әңгімелесу/ Б/м:балалардың сүйікті ойыншықтары арқылы оларды бауырмалдыққа,мейірімділікке,қамқор болуға дағдыландыру. Д/м:сөзді анық айтып,дұрыс сөйлей білуге баулу,сөздік қорларын дамыту Т/м:ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен,жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу **2.Музыка** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Сурет салу** «Әуедегі шарлар» **БМ:**Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетіне бірнеше дөңгелек немесе сопақша шар салуға үйрету. **ДМ:**Көзбен шардың пішіні ментүстерін қабылдауын,бақылағыштығы мен елестету қабілетін дамыту. ТМ:Балалардың қарындашпен бейнелеу әреетіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру. **Дене шынықтыру.** Жерде жатқан арқанның үстімен табанның ортасымен көлденең жүру. Қ/О: «Дәл түсір» Балалар дөңгеленіп тұрады. Әр баланың қолында бір-бір кішкентай доп. Шеңбердің ортасында жәшік немесе үлкен кәрзеңке. (Балалар мен меженің арасы	**1.Жаратылыстану** «Аула сыпырушының жұмысын бақылау» Б/М:Аула сыпырушының еңбегі туралы қарапайым түсінік беру. ДМ:Қоршаған ортаны тануға деген құштарлығын дамыту. Т/М:Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу **Сенсорика Тақырыбы: «Көкөністер»** Мақсаты:дөңгелекті сопақшадан ажырата білуді үйрету. Міндеттері: Сәйкес пазылдарға пішінді орналастыра отырып,дөңгелекті /қызанақ/ сопақшадан/қияр/ ажыратуға,іріктеуге үйрету.жазықта үлкен көлемді геометриялық	**Дене шынықтыру** Жерде жатқан арқанның үстімен табанның ортасымен көлденең жүру. Қ/О: «Дәл түсір» Балалар дөңгеленіп тұрады. Әр баланың қолында бір-бір кішкентай доп. Шеңбердің ортасында жәшік немесе үлкен кәрзеңке. (Балалар мен меженің арасы бір жарым-екі метрден аспайды.) Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар допты жәшікке лақтырады, одан кейін ол доптарды қайтадан алады да өз орындарына барып отырады.Егер бала межені дәл көздемесе, допты жерден(еденнен) көтереді де басқалар сияқты шеңберге тұрады. Ойын қайтадан басталады.	**Дене шынықтыру** Жерде жатқан арқанның үстімен табанның ортасымен көлденең жүру. Қ/О: «Дәл түсір» Балалар дөңгеленіп тұрады. Әр баланың қолында бір-бір кішкентай доп. Шеңбердің ортасында жәшік немесе үлкен кәрзеңке. (Балалар мен меженің арасы бір жарым-екі метрден аспайды.) Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар допты жәшікке лақтырады, одан кейін ол доптарды қайтадан алады да өз орындарына барып отырады.Егер бала межені дәл көздемесе, допты жерден(еденнен) көтереді де басқалар сияқты шеңберге тұрады. Ойын қайтадан басталады.

		бір жарым-екі метрден аспайды.) Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар допты жәшікке лақтырады, одан кейін ол доптарды қайтадан алады да өз орындарына барып отырады.Егер бала межені дәл көздемесе, допты жерден(еденнен) көтереді де басқалар сияқты шеңберге тұрады. Ойын қайтадан басталады. Ойында бір мезгілде 8 -10 бала қатысады.	пішіндерді салыстыра білуге қияр-сопақша,қызанақ-дөңгелек бойынша салыстыруды көзбен мөлшерлеуді дамыту,қолдың ұсақ маторикасын жетілдіру.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ойында бір мезгілде 8 -10 бала қатысады.	Ойында бір мезгілде 8 -10 бала қатысады. **2.Мүсіндеу** «Анама арнап тәтті тоқаш пісіремін» Б/М:Балалардың ермексазбен жұмыс жасауға деген қызығушылықтарын арттыру: Д/М:Домаланған кішкентай шарларды алақан арасына салып есу,ию арқылы тоқаш жасауға үйрету. Т/М:Ұқыптылыққа,жинақылыққа баулу
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен	Серуен №9 **Саңырауқұлақтарды бақылау.** **Мақсаты:**саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамыту **Бақылау барысы:** Жұмбақ:	Серуен №10 **Арнайы көліктерді бақылау.** **Мақсаты:** Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту; Сөздік қорларын молайту. **Бақылау барысы:** Көркемсөз :	Серуен № 11 **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру; қайың мен терек ағашын діндері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету;	Серуен №5 **Күн -жылу мен жарық көзі .** **Мақсаты:** күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;	Серуен №2 **Күздің алғашқы белгілерін бақылау** **Мақсаты:** Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту. Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.

	Басында әсем қалпағы, Көленкені сүйеді Орманда болған әр бала Не екенін біледі (саңырауқұлақ) Саңырауқұлақтар жануарларға да, өсімдіктерге де жатпайтын табиғаттың ғажайып бір бөлігі. Оларды екпейміз, отырғызбаймыз. Бүгін кесіп алсаң, орнына ертең өзгесі өсіп шығады. Қайың, шырша, қарағай бар жердің бәрінде саңырауқұлақ болады. Олардың түрлері өте көп. Саңырауқұлақтар жеуге жарамды және улы болады. Сұрақтар: - Қандай саңырауқұлақтарды білесіңдер? (ақ түсті саңырауқұлақ, қайыңқұлақ, моховик, қызғылт-сары түсті саңырауқұлақ, түлкішек - жеуге жарамды, жеуге жарамсыздар (арамқұлақ, мухомор.) -Жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтардың айырмашылығы неде? (Жеуге жарамдыларды тамаққа пайдаланады, жарамсыздар улы болады) - Саңырауқұлақтардан қандай тамақ	Үлкен болдым десем де, Ешкім маған сенбейді. «Жалғыз жүрме көшеде, Кішкентайсың сен»-дейді. Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын. Сұрақтар: -Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.) -Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.) -Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.) ♦Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә) Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.) - Оларды атаңдар. («Жедел жәрдем», өртсөндіру және милиция .) **Еңбек.** Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау	ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры); туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу. **Бақылау барысы:** **Көркем сөз:** Үйеңкі, қайың, қарағаш, Кешкілік пе, күндіз бе, Өсіп тұрған гүлді үзбе. Туған жерді далаға, Тастай алмай жүрміз бе? Жайнап өсіп далада, Көздің жауын ала ма? Бірде бірін жұлғызба, Қасыңдағы балаға. Балаларға сұрақтар: - Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады? - Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек? - Қандай гүлдер күзде гүлдейді? **Еңбек.** Гүлдер дәнін жинап алу. **Мақсаты:** Балаларға келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру. Қ/О: «Мені ата». Мақсаты:ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін	табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. **Бақылау барысы** Психологиялық жаттығу: «Күншуақ» Мақсаты: Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір- бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз. Сұрақтар: Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек? Күн не береді? Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан- жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді. Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз. Сұрақтар: Күнге бетінді бұрғанда нені сезінесің? -Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма?	**Бақылау барысы** Көркем сөз «Қыркүйек» Ғ. Өкеев Бір-біріне жер, аспан, Мейірлене қарасқан. Төкпей-шашпай тасып дән . Машиналар асыққан. Ұстаз, шәкірт жүздескен, «Қош келіпсіз күз» дескен. Берекелі алтын күз, Ұмытпаймыз салтын біз . Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын- терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. Тәрбиеші сұрақтары. Күздің қандай белгілерін білесіңдер? -Күзде ауа-райы қалай өзгереді? -Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? -Адамдар күзде не істейді? -Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?

	дайындайды? (Саңырауқұлақ көжесі, тұздық, оларды кептіруге, тұздауға, маринадтауға болады) **Еңбек:** Аланда тазалық жұмыстарын жүргізу **Мақсаты:** еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге тәрбиелеу. **Қ/О**: **Картотека №5** **«Күн мен жаңбыр»** Отбасымен тұратын үйшікті бормен салуды пысықтау. Еркін ойындар	**Мақсаты:**Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу. **Қ/О: Картотека №6** **Ұшақтар** Еркін ойындар, жеке жұмыстар	дамыту.	Зерттеу жұмысы: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Қимылды ойын: **Картотека №10«Ортамызда кім жоқ** Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы орамалды баланыңбіреуінің үстіне жабады-да балалардан сұрайды, ортамызда кім жоқ? Тәрбиеші орамалды баланың үстінен көтеріп алып , баланың атын айтады. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.	**Еңбек:** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. **Мақсаты:** орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қимылды ойын :«Қуып жет». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				

Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористерді дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаңы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті	Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер. Отбасы мүшелерін қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету **(жапсыру)** ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру, доп жасау **(мүсіндеу)** доп салуды пысықтау **(сурет салу)**	Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)** Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі ойыншықтарды топтастыру **(сенсорика)** Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер	Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта кітіптардан сурет қарау сұрақтарға жауап беруін дамыту **(көркем әдебиет)**	Сенсорлық ойындар, кітаптардан шалқан ертегісінің суреттерін фланелеграфқа ертегі кейіпкерлерін ретімен жапсыру. **(сенсорика, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер	Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап моншақтың суретін салу. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Балаларға таныс "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, олардың қатысу ниеттерін дамыту. Таныс ертегі қойылымын жасату.	Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру **(математика негіздері)** Топтағы тазалық	Нешеуміз? тақпағын жаттауға талпындыру. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым –әкем	Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында. Кітаптар қарау, әңгімелесу **(сурет салу,құрастыру, мүсіндеу,**

	(сөйлеуді дамыту) Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстары **(құрастыру, мүсіндеу, сурет салу)**	жұмысын жоспарлап қатысу. **(көркем әдебиет)**	Балалы үйрек-анам. Ортан терек –ағам Шылдыр шүмек –мен, Кішкене бөбек –сен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. *І.Шұғаев* **(көркем әдебиет)**	**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**жапсыру)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	**Қимылды ойын :** Картотека №8 Торғайлар Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі торғай болып көрсетеді. Тәрбиеші «Торғайлар ұшады!» деп барлық балармен қолын екі жанына созып, сермеп ұшады. «Торғайлар жерге қонып, жем тере бастады деп» барлық балаларды өз орындарында тоқтатып, отырып, саусақтарымен	Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. **Қимылды ойын :** Картотека №5 «Күн мен жаңбыр» Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші :«Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып	Қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар **(сенсорика)** **Қимылды ойын :** Картотека №7 Автобус Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі	**Қимылды ойын :** Картотека №5 «Күн мен жаңбыр» Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.	**Қимылды ойын : Картотека №3 «Құстың қауырсыны кімге барады»**Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан –жаққа қашып жүгіреді, ойын жалғасады. Еркін ойындар.

	еденді түрткізеді.Содансоң торғайлар ұйқтады деп, екі алақанын бетінің бір жағына қойып, басын қисайтып, көзін жұмады.Тәрбиешінің осы қимылдарды қайта бастауымен ойын жалғасады. Еркін ойындар	ойындарын жалғастыра береді.	баяу, кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.	Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	
Балалардың үйіне қайтуы	Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау.	Отбасында қандай ойындар ойнауға болады кеңес беру.	Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау.	Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну	Іс шарадан алған әсерлерін сұрау.

Әдіскер: Сабитова З.А. 27.09.21ж

Тәрбиешілер: Туржанова С.К.

Сейтказина З.Ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2021 жыл 1 апта

Мектепке дейінгі ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжай»
Топ: «Балапан» І-кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.10-08.10.2021ж

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 04.10.2021**	**Сейсенбі 05.10.2021**	**Сәрсенбі 06.10.2021**	**Бейсенбі 07.10.2021**	**Жұма 08.10.2021**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Балалар үшін жайлы ойын жағдайын жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Сәлеметсіз бе! сөзін сөздік қорына қосу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың ауа райына байланысты жылы киіну жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру, Дидактикалық ойындарға «Қалай дыбыстайды?», саусақ ойыны «Құырмаш» және үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру,белсенділігін арттыру. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, сурет албомдарын қарауына ықпал жасау.Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге бақылау. **(Балармен жеке жұмыс).**				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасау. Сөздерін қайталау. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Бұл қай жануар» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған					

іс-әрекеттер	**Көркем әдебиет** **0.5** **(І-ІІапта)** Тақырыбы : «Менің көшем» (суретпен жұмыс) Б/м: балалардың мекен-жайы туралы, өздері тұратын көшесі туралы әңгімелесу. Д/м: балалардың ойлау, есте сақтау және қолдың ұсақ моторикасының қабілеттерін дамыту. Сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуін дамыту. Т/м: өз көшелерін таза ұстауға тәрбиелеу. **Музыка** /пән жетекшісінің жоспары бойынша/	**Сурет салу** Тақырыбы : «Шағылысқан күн сәулесі» /саусақпен күнді салу/ Б/М:Балаларға саусақ көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету. Д/М:Саусақ қол қимыл-қозғалысының икемділігін дамыту. Т/М:Сары бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. **2.Дене шынықтыру** Бірінің артына бірі «паравоз» болып заттардың арасынан жүру,жүгіру. Құралдар:кегілдер К/О: «Паравоз» **Ойынның шарты:** Балалар бір-бірден сапқа тұрады (бір-бірімен қолдаспай). Біріншісі – паровоз, ал қалғандары – вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, пойыз алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең	**Жаратылыстану** Тақырыбы : «Қош келдің,алтын күз!» БМ:Балаларға күз мезгілі туралы ұғым беру; күз мезгіліне тән табиғат құбылыстарымен және ерекшеліктерімен таныстыру. ДМ.Балалардың күз құбылыстары және ерекшеліктері арқылы зейінін, қабылдауын, тілін және түйсігін дамыту. ТМ..Балаларда күз мезгіліне деген қызығушылықты ояту және табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. **2. Құрастыру 0,5** **«Күшікке арналған үйшік»** Б/М:Балаларға қатты қағаздан дайындалған бөліктерді пайдаланып күшікке үйшік құрастыруды үйрету. Д/М:Қолдың ұсақ моторикасын,	**Музыка 0,5** **(І-ІІІ апта)** Пән жетекшінің жоспары б/ша) **2.Дене шынықтыру** Баспалдақпен өрмелеу. Құрал:баспалдақ К/О: «Тура көзде» Балалардың алдына тізіліп тұрған кегл ойыншықтарын тізіп қоямыз. Балаларды бір бірлеп шақырып тізіліп тұрған кеглді тура көздеп құлату керек. Ойын жалғаса береді	**Дене шынықтыру** /қайталау сабақтары/

		соңында балалар жүгіреді. «Пойыз стансыға жақындап келеді!» – дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті баяулатады да, пойыз тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап: гүл, жеміс, саңырауқұлақ тереді. Гудокты ести сала, олар қайтадан сапқа тұрады да, пойыздың қозғалысы қайтадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталанады.	зейінін дамыту. Т/М.Үй жануарларын қамқорлыққа тәрбиелеу өзінің еңбек нәтижесіне қуана білу әдетін қалыптастыру.		
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен	**Серуен №4** **Жапырақтардың түсуін бақылау** **Мақсаты:** табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабілеттерін қалыптастыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** **Күзгі жапырақтар. Қ.**	**Серуен №6** **Ұшып кететін құстарды бақылау** **Мақсаты :** ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту.Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшқан	**Серуен №7** **Желді бақылау** **Мақсаты**: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру,өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту. **Бақылау барысы** **Жұмбақ:** Аяғы жоқ ұшады, Аузы жоқ ән салады. Кездескен жеңіл	**Серуен №8** **Үйеңкі ағашын бақылау** **Мақсаты**: үйеңкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту (қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал т.б.) **Бақылау барысы:** **Көркем сөз** Күзде жауын. Бұлт. Тұман.	**Серуен №9** **Жүк көліктерін бақылау** **Мақсаты**: жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету. **Бақылау барысы** Адамдарды, жүктерді суда-кемелер, жерде поездер, әуеде-ұшақтар тасиды. Ал,

	Шаңғытбаев Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Күн шуақта маужырап, Жатыр еді атырап. Ағаштардан жамырап, Үшты кенет жапырақ. **Тәрбиеші сұрақтары.** -Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме? -Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді? -Күздің келуімен олар қалай өзгерді? -Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл) -Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың) -Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайында) Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өленді қайталайды -Жапырақтардың	әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Қол бұлғап қоштасамыз, Төбеден құстар өткенде **Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:** -Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады) -Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді) -Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер құрайды, дәндер мен	нәрсені Аспанға ұшырады (жел) Сұрақтар: -Жел қайдан пайда болады? (жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.) -Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады?(күшті және әлсіз) -Күшті желдер қалай аталады? (дауыл, құйын.) -Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай? **Еңбек** Алаңды тазалау Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білу. **Қ/О:** «Жел». Мақсаты:- табиғат байланысы туралы түсініктерін бекіту, тәрбиеші	Тапталады табанға, Судыр-судыр жапырақ. Судыр-судыр жапырақ Сары жапырақ жауады. Сары құйын ұйтқыған, Өрттей сары бояуға, Малынғандай атырап. Балаларға сұрақтар: -Үйеңкі ағашының жапырақтары мен бұталары қандай? -Үйеңкі ағашы қай жерлерде жиі өседі?(өзен жағалауында.) - үйеңкі ағашының қандай түрлерін білесіңдер?(қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал). -Үйеңкі ағашы адамдарға не береді? (бұтақтарынан себет (корзина) тоқиды) **Зерттеу жұмысы** Үйеңкі ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен	аулада, көшеде жиі кездесетін көліктер-машиналар. Машиналар түрлеріне қарай адамдарға әртүрлі қызмет көрсетеді. Адамдарды жұмыс орнына тасиды, дәрігерлерді ауруларға жеткізеді, өртсөндірушіні өрт болған жерге апарады, әртүрлі жүктерді тиісті жеріне апарады, көшеге су себеді, сыпырады, қар тасиды. Олар адамдардың бірінші көмекшісі. **Балаларға сұрақтар.** - Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер? -Адамдар жүк көліктерін не үшін пайдаланады? (әртүрлі жүктерді тасу үшін.) -Жүк тиейтін машиналар қандай көлік түрлеріне жатады? (жүк таситын көліктерге). -Жүк таситын басқа қандай көлік түрлерін білесіңдер? (жүк таситын ұшақтар, тікұшақтар, поездар,кемелер.)

	түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады) -Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ) Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ) **Еңбек** Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу **Мақсаты:**бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу. **Қ/О:** «Түлкі мен қояндар». Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу	тұқымдар азаяды) -Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндәктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді) -Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды) -Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады) **Еңбек:** Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау Мақсаты:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу **Қ/О:** «Аққу-қаздар».	командасын мұқият тыңдауға үйрету.	салыстыру. Айырмашылығы қандай? **Еңбек:** Бұйымдар жасауға жапырақ жинау. Мақсаты:еңбек ету іскерліктері мен дағдыларын дамытуды жалғастыру **Қимылды ойын** «Аңшылар мен аңдар». Мақсаты:әртүрлі кедергілерден өтіп жүкіруге ,ептіліктерін дамыту **Мақал-мәтел: Бір тал кесссең, он тал ек.**	-Машиналар бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреді? (жасыл.) -Машинаны жүргізетін мамандықтағы адамды кім деп атайды? (жүргізуші, шофер) -Бағдаршамның неше түсі бар? (Үш: қызыл, сары, жасыл.) -Адамдар бағдаршам жоқ жерден қалай өтеді? **Еңбек** Түскен жапырақтарды жинау. **Мақсаты**: - Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Тоқта--жүгір». Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге үйрету,ептіліктерін дамыту. **Жаттығу ойындары:** Бөрене үстімен жүру. Мақсаты:тепе-теңдікті сақтай отырып, жүру техникасын жақсарту. Мақал-мәтел: «Бастаған істі тастама»

		Мақсаты: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. **(дербесқимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолынды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	№1/2 Гимнастикалық жолдан жүру Табанды шынықтыру массажы Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3. Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүреміз.				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жануарлардың ойыншықтарын қолданып,мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету. **(көркем әдебиет)**	Аюлардың ыдыстары, тәрелкелерді жасауда техникалық дағдыларды қалыптастыу	Аюды домалақтар арқылы жасау. Заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу **(мүсіндеу)**	Екі пішін арқылы үй құрастыру. Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Балалардың өз бетінше таңдап жасайтын әрекеттерін

	сазбалшықты дұрысқолдану біліктерін жетілдіру. Жануарлар ойнауына арналған допжасау. **(мүсіндеу)**	**(мүсіндеу)** қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Үш аю бейнесін орналастыруды үйрету.**(Жапсыру)** Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Өз еркімен іс әрекеттердіжасауын дамыту. **(Сурет салу)**	Бірнеше пластмас шарды топқа алып келіп атын, түсін атату. Әр балаға таратып беріп еркін ойындар ұйымдастыру. көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды арнайы орындарына топтастыруды үйрету **(сенсорика)** Шармен көңілді би ұйымдастыру, ән айту. **(музыка)**	орындау; **(сенсорика)** Саз балшықты алақан арасына салып есу,жалпақтау арқылыжапырақ жасату. **(мүсіндеу)** Қалаулары бойынша шығармашылықпе н айналысуларына жағдай жасау. Балалардың өз бетіншетандап жасайтын әрекеттерін дамыту. **(Сурет салу)**	дамыту.. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	«Үлкен сақиналарды тұғырға кигіз» Мақсаты: ойыншық тармен қарапайым әрекет ете білуге үйрету	«Кішкентай сақиналарды тұғырға кигіз» Мақсаты: ойыншық Тармен қарапайым әрекет ете білуге үйрету	«Мүсіндеп үйренеміз» Мақсаты: мүсіндеу тәсілдерін үйрету	«Әуе шарлары» Мақсаты: түстерді танып ажыратуға баулу	Күшік «аф-аф» Мақсаты: «Суретті тап», «Ой,жоқ» сөйлемдері арқылы ойынға қызығушылық тарын арттыру.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап,оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	**Қ/ойын:№1** **Өз үйіңді тап** Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен	**Қ/ойын:№2** **Жүгіріп қағып ал.** Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады.(қашықтығы 1,5-2м) Тәрбиеші»	**Қ/ойын :№3** **Құстың қауырсыны кімге барады.** Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан – жаққа қашып жүгіреді, ойын жалғасады.	**Қ/йын :№4** **Жалауға қарай жүгір.** Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді. Балалар тәрбиешінің	**Қ /ойын :№5** **Шарды ұста** Тәрбиеші ортаға көп үрленген шарларды жайып тастайды. Ойын басталды деген кезде (тәрбиешінің

	ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде –ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қояю. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді,жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында, тәрбиеші балаларға	Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңынаеріп жүреді.		қасына жиналады. Жалауды қайта түсіргенде балалар жан-жаққа тарап кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанған соң, бір бала жалауын көтеріп жүреді, басқа балалар соңынан еріп жүреді. Ойын басынан қайталана береді.	көмегімен) балалар шарды ұстап тәрбиешіге береді. Кім көп шар жинаса сол бала жеңімпаз атанады. 10-15 сек.Ойын жалғасады.

	білірмей ойыншықтардың орынын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме

Әдіскер: Сабитова З.А. 04.10.21

Тәрбиешілер: Туржанова С.К.

Сейтказина.З.Ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2021 жыл II апта

Мектепке дейінгі ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжай»
Топ: «Балапан» І-кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.10-15.10.2021ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.10.2021	Сейсенбі 12.10.2021	Сәрсенбі 13.10.2021	Бейсенбі 14.10.2021	Жұма 15.10.2021
